

*Л.А. Бимендиева*

## **АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ӘЛЕМДІК НАРЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдауларында ауылдың одан әрі даму жолдарын айқындап отырады. Жаһандану үстіндегі әлемдік шаруашылықта маңызды саланың бірі және қоғамның қалыпты дамуын қамтамасыз ететін аграрлық сектор болып отыр. Ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндіру секторлары арқылы экономика қарқынды дамып, нарықты сапалы және бәсекеге қабілетті өнімдермен толтыруда. Халық санының артуымен байланысты оған деген қажеттілік те тұрақты артуда. Соңғы жарты ғасырда азық-түлік қажеттілігі төрт есеге артты. Қазақстанның дәстүрлі аграрлық ел екенін ескере отырып, 90-жылдардағы құлдыраудан кейінгі сол әлеуетті қалпына келтіріп қана қоймай, сонымен қатар алда әлемдік нарықта қалыптасып жатқан тенденцияларды ескере отырып, өндіріс көлемін арттырып, экспорттау аясын кеңейту мәселелері тұр.

Соңғы жылдары аграрлық салада мақсатты бағытталған әрекеттердің арқасында, инвестициялар көлемі артып, кәсіпорындардың модернизациясы мәселесінде сапалы өзгерістер жасалды. Жедел қарқынмен бұрынғы өндірістер қалпына келтіріліп, сұранысқа ие тауарлар шығарылуда. Бұл өз кезегінде сыртқы сауда динамикасына, экспорттың артуымен оның ассортиментінің кеңейтілуіне әсерін тигізуде. Бұның барлығы жоғары бәсекелік жағдайда орын алып отыр.

Заманауи әлемде кез-келген елдің экономикасы тек тауарлар мен қызметтердің әлемдік нарығымен өзара байланыста ғана тиімді дами алады. Қазақстан қазіргі таңда аграрлық тауарлардың саудасына қарқынды қатысып, әлемнің барлық континенттеріндегі елдер үшін тартымды болып отыр. Осыдан бес жыл бұрын 145 аграрлық тауардың атауы кіретін жалпы импорт көлемі 1 651 млн. долларды құрады. Бұған 106 мемлекет, оның ішінде: еуроапалық- 32 ел, азиялық-21, америкалық-20, африкалық- 19, ТМД елдері ішінен-11 (оның ішінде-4 Орталық Азиялық мемлекеттер), Австралия және мұхит аймағынан-3 мемлекет қатысып отыр. /1/ Осындай жағдайдағы негізгі мақсат болып өз елімізде өндіруге болатын тауарлардың импортын шектеу болып отыр. Бұл өз кезегінде жаңа өндірістердің құрылуымен жаңа жұмыс орындарының ашылуына жағдай жасайды, соның нәтижесінде мемлекетке салықтық түсімдердің артуына әкеледі. Ет консервілері, макарон өнімдері, маргарин, йогурт, минералды сулар, этил спирті, нан өнімдері, балмұздақ, шоколад, өсімдік майлары, ет сияқты кең тізімді азық-түлік тауарларын өз елімізде шығарып, ішкі сұранысты қанағаттандырсақ, содан кейін экспортқа бағыт алсақ болады.

Жаһандану жағдайындағы әлемдік сауда халықаралық еңбек бөлінісінің құрылымын өзгертуде, аймақтардың мамандануын, көптеген елдердің, оның ішінде Қазақстанның да сыртқы саудаға бағытталған аграрлық саясатының дамуына жағдай жасайды. Нағыз бәсекелестік жаңа тенденциялардың терең зерттелуін, белгілі уақыт аралығында қауіптерге ұтқыр жауап қайтаруды талап етіп отыр. Көршіміз Ресей жыл сайын үлкен көлемде сиыр етін (700 мың тонна), шошқа етін (500мың тонна), құс етін (1 100 мың тона) және жылқы етін (4 мың тонна) импорттауда. Негізгі жеткізуші елдер- Бразилия, ЕуроОдақ және АҚШ болып отыр. Қазақстан ең ұзақ шекара, ТМД-да салықтық преференцияларға ие бола тұрып, бұған құны мен сапасы жағынан қалыспайтын ет өнімдерін шығарса да мұндай өнімдерді шығармайды. Жылқы етін Ресей 10 мемлекетке, Аргентинаға, Уругвайға, Моңғолияға, және тағы басқа мемлекетерге экспорттайды, бірақта Қазақстан бұл процеске қатыспай отыр. Тек Кедендік Одақтың құрылуына байланысты бұл мәселе қолға алынып отыр.

Ресей өз жеріне жылына 4 200 мың тонна қант, 400 мың тонна соя шротын, 220 мың тонна ірімшік, 100 мың тонна ұн, 90 мың тоннаға жуық соя майын, 65 мың тонна сары май, 30 мың тонна құрғақ сүтті кіргізеді.

Қытайдың ішкі импортында жылына 22,9 млн. тонна сояны, 4 млн. тонна бидайды, 2,9 млн. тонна қой еті мен сиыр етін, 2,1 млн. тонна қарақұмық, 1,8 млн. тонна соя майын, 1,3

млн. тонна қант, 650 мың тонна мақта талшығын, 315 мың тонна жануарлар майын, 430 мың тонна рапс, 300 мың тонна құс етін, 100 мың тоннаға жуық шошқа етін, 84 мың тонна әсел, 60 мың тонна құрғақ сүт, 12 мың тонна сары май және тағы да басқа аграрлық өнімдерді қабылдайды. /1/

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан өз елімізде өндірісі жолға қойылған өнімдер арқылы қытай және ресейлік нарықтағы өз орнын алуға жақсы мүмкіндіктерінің бар екенін байқаймыз.

Сонымен қатар, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының түйе сүтінің нарықтық әлеуетін арттыруға бағытталған, құны 10 млрд. долларға бағаланатын жобасына тікелей қатысуы қажет, ол Моңғолиядан бастап Эфиопияға дейінгі территорияны қамтиды.

Еліміз өзінің бәсекелік артықшылықтарын тиімді қолдануы, оның ішінде экологиялық таза өнімдер өндірісін жолға қою уақыт күттірмейтін мәселе болып отыр. Ауыл шаруашылығы және азық-түлік тауарларының нарығы мемлекеттің стратегиялық негізі болып табылады. Әрине, халық шаруашылығы саласының нарықтық қатынастарға өтуде азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері экономикалық және саяси жағдайларға байланысты. Қазіргі уақытта еліміздің ауыл шаруашылығын саласында жүргізіліп отырылған саясат нәтижесінде әрбір аймақтың өз алдына жеке экономикалық шешімдерді қабылдауы артып келеді және әрқайсысы өз аймақтарын азық-түлікпен және ауыл шаруашылық шикізатымен қамтамасыз етуге тырысуда.

2010 жылдың қаңтарынан жұмысын бастаған Қазақстанның, Ресейдің және Беларусияның Кедендік Одағына еліміз үлкен үміт артып отыр. Өйткені, еліміздің ауылшаруашылық өнімдерін экспорттау мүмкіндіктері артады деп болжам жасалып отыр. Ет өнімдерін экспорттау бойынша Ресей нарығына шығу мүмкіндігін жіберіп алмау қажет. Сондай-ақ, жоғары кедендік салықтың есебінен импорттың үлесі төмендейді деп күтіліп отыр. Сәйкесінше, ауылшаруашылық өнімінің белгілі бір түрі бойынша ұлттық өндірушілерді қолдауға мүмкіндік болады. Шетел (әсіресе, Қытай) тауарларымен толыққан ішкі нарықта өз тауарларымыздың орын алуына жағдай орнайды. Бірақ, бұл мүмкіндік уақытша екендігін ұмытпаған жөн. Сондықтан да біздің тауар өндірушілер осы кезеңді тиімді пайдалануға тырысулары қажет.

Жалпы, ауылшаруашылығының және тамақ өнеркәсібінің экспорты негізінен бидай мен ұн арқылы көрсетіледі. Соңғы он жыл көлемінде агробизнестің шешілмеген мәселелерінің артуына байланысты қант, өсімдік майы, тауық еті, көкөніс және жемістердің импорты артып отыр. Мысалы, Өзбекстаннан шырын мен өсімдік майының (мақта майы) импорты, Қырғызстаннан сүт өнімдерінің, қанттың, өңделген тамақ өнімдерінің және Тәжікстаннан жеміс пен көкөністің импорты артып отыр. Біз білеміз азық-түлік импортының қауіпсіз деңгейі тұтыну деңгейінің 17%-нан аспауы қажет. 2008 жылы ауылшаруашылығында экспорт импорттан артып, еліміз оң сальдоға ие болды.

Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен міндеттерді шешу үшін «2010 жылға дейінгі Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту» Концепциясының нәтижесінде 2009 жылы ауылшаруашылығының жалпы өнімі 2008 жылмен салыстырғанда 2,7%-ға өсті, ол мал шаруашылығының 3%-ға өсу есебінен болып отыр. Сонымен қатар, 2009 жылдың қыркүйегінде бидай ұнының экспорты 19,6%-ға өсіп, 924,4 мың тоннаны құрады. /4/

Қазақстан ауылшаруашылық өнімдерін тұтыну тұрғысынан тартымды аймақта орналасқан. Бірінші кезекте, алып көршілеріміз Ресей мен Қытай. Оларда жоғары тұтынумен қатар, өздерінің өндірістері жақсы дамыған. Сонымен бірге, Украина, Өзбекстан, Әзірбайжан, Туркия, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан, Грузия сияқты елдер. Бұл аймақтардағы ауылшаруашылық өнімдеріне бағаны ескере отырып, Қазақстанның бірқатар өнімдер бойынша артықшылығы бар екендігін байқаймыз: бидай, ет, сүт, сұлы, қара бидай. Ет пен сүт айтып өткеніміздей, ерекше орын алады. Өйткені, бұл аймақта сүт, ірімшік және майды көп тұтынушы Қытайда, Туркияда, Ресейде, Украинада орын алып отыр; етті Қытайда, Ресейде тұтыну көлемі жоғары.

Британ ғалымдарының пайымдауынша, Украина, Польша және Аргентина елдері сияқты Қазақстан әлеуеті жақын болашақта әлемдік азық-түлік дағдарысы мәселесін шеше алатын басты мемлекеттердің бірі болып табылады. Егер, біз жаһандану мүмкіндіктерін пайдаланғы-

мыз келсе, жоғары сапалы өнім өндіруге бет бұруымыз керек. Соңғы уақытта әлемдік нарықта ұннан және дәнді-дақылдардан жасалған дайын өнімдерге сұраныс өсіп отыр. Қазақстан ауылшаруашылық өндірушілері мүмкіндіктерді тиімді пайдаланулары қажет. Осы нарықтарды зерттеу арқылы және өз өнімдерінің сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру арқылы Қазақстан сыртқы рынокта өз орнын нақты бекіте алады.

Қорыта келе, Қазақстанның ауылшаруашылық тауарлары бойынша экспорттық әлеуетін көтеруге мемлекет тарапынан қолдау қажет болады. Сондай-ақ, Қазақстан аграрлық ғылымына мақсатты бағытталған мемлекет және корпоративті құрылымдар тарапынан қолдау көрсетілсе, ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуын жеделдетуге, импортқа тәуелділікті төмендетуге, экспорттың кеңеюіне, жоғары білімді мамандарды дайындауға қол жеткізуге болады.

#### Әдебиеттер

1. Р. Алшанов, А. Ашимбаева «Қазақстан на мировом аграрном рынке: достижения и перспективы» //Казахстанская правда, 20.10.2006
2. Конечная цель-выход отечественной продукции на глобальный рынок.// Казахстанская правда. 30.03.2010
3. Программа первоочередных мер на 2006-2008 годы по реализации концепции устойчивого развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан.
4. Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігінің ресми сайты [www.stat.kz](http://www.stat.kz)

\*\*\*

В статье рассматриваются возможности выхода товаропроизводителей сельскохозяйственной продукции на мировой рынок. Экспорт сельского хозяйства и пищевой промышленности представлен преимущественно зерном и мукой.

\*\*\*

The article deals with the possibility of output producers of agricultural products on world markets. Exports of agriculture and food industry are represented mainly in grain and flour.